# KASE АПТАЛЫҒЫ

## 28 Мамыр – 01 Маусым, 2018



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE индекстелмеген МБҚ нарықтық бағалау жүргізу үшін Базалық кезеңнің ұзақтығын өзгертті.
- 2018 жылдың 01 маусымынан бастап KASE KASE_BM* индекстер сериясының өкілеттік тізімін өзгертті.
- KASE қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша саудаланатын 2018 жылдың 01 маусымынан 15 маусымына дейінгі кезеңдегі акциялар бойынша шектеулер мәні мен шоғырлану мөлшерін және репо нарығындағы дисконт мөлшерлемесін белгіледі.
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2018 жылдың 30 мамырындағы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі туралы хабарлады.
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2017 жылға жылдық есебі жарияланды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан қаржы министрлігі 28 мамырда Қазақстан қор биржасында 16 жылдық облигацияларды жылдық 8,47 % орналастыра отырып, 4,8 млрд теңге тартты.
- 30 мамырдан бастап KASE Startup алаңына алғашқы құралдар – "PACK MAN" ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесі енгізілді.
- 01 маусымнан бастап "Подпиши Онлайн" ЖШС қаржы құралдары KASE Startup алаңына енгізілді.
- 01 маусымнан бастап "Smart Production" ЖШС қаржы құралдары KASE Startup алаңына енгізілді.
- "Аграрлық неси корпорациясы" АҚ Fitch Ratings агенттігінің қоғамның және оның облигацияларының рейтингілік бағасын ұсынғаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- Kaspi.kz (KSPI) жай және (KSPIp) артықшылықты акциялары KASE ресми тізімінің негізгі алаңына 28 мамырдан бастап "стандарт" санатына енгізілді.
- 2017 жылға KAZ Minerals PLC (Біріккен Корольдігі) жылдық есебі жарияланды.
- Қазақстан даму Банкі Оңтүстік Қазақстан облысында "Жылға" күн электр стансасының құрылысы жобасын қаржыландыру туралы хабарлады.
- Halyk Finance Cbonds ақпараттық агенттігінің нұсқасы бойынша "2018 жылғы Қазақстандағы үздік инвестициоялық банк" номинациясы бойынша жеңімпаз болғаны туралы хабарлады.
- КазТрансОйл Қаламкас-Қаражанбас-Ақтау және Өзен-Жетыбай-Ақтау магистралдық мұнай құбырларының қайта құру жобасы аяқталғаны туралы хабарлады.

KASE Индексі екінші апта қатарынан төмендеп отыр. Сауда-саттық аптасының қорытындысы бойынша көгілдір фишкалар индексі 0,43% төмендеп, 2 486,79 нүктеге дейін жетті. Акциялардың жеті атауынан индекске кіретін төрт компонент минуспен жабылды.

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| 01.06.2018 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| **KASE Индексі** | 2 486,8 | -0,4 | 2,5 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| **Kcell** | 1 630,0 | 1,88 | -3,5 |
| **KEGOC** | 1 442,3 | 1,8 | -2,7 |
| Аэрофлот (Россия) | 750,2 | 1,1 | -4,3 |
| Казахтелеком (прив.) | 12 257,0 | 0,86 | 14,6 |
| РД КазМунайГаз (прив.) | 9 219,0 | 0,2 | -1,0 |
| Банк ВТБ (Россия) | 0,3 | 0,0 | -3,6 |
| **KAZ Minerals** | 4 449,8 | 0,0 | 10,4 |
| БАСТ | 53 444,1 | -0,3 | -0,7 |
| Банк Астаны | 871,6 | -0,4 | -3,2 |
| **Банк ЦентрКредит** | 293,0 | -0,4 | 3,6 |
| QAZKOM | 104,5 | -0,5 | -9,1 |
| АЗМ | 10 650,8 | -0,6 | -4,7 |
| Сбербанк (Россия) | 1 161,6 | -1,0 | -0,6 |
| **КазТрансОйл** | 1 545,0 | -1,3 | -1,0 |
| **Народный банк** | 103,8 | -1,7 | -0,2 |
| **Казахтелеком** | 32 357,0 | -2,7 | 11,6 |
| Bank of America | 9 605,0 | -3,3 | -4,6 |
| Газпром (Россия) | 757,5 | -4,0 | -0,2 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

Қазақтелеком акциялары 2,71% дейін төмендеп, 32 357,00 теңгені құрады. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша компанияның есептілігі 2017 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда жақсарғаны байқалады. Сонымен, компанияның таза табысы 15,2% өсіп, 9,386 млрд теңгені құрады. Компания активтері жыл басынан бері 1,3% өсіп, міндеттеме 0,9% төмендеді, жеке капиталы 2% артты. Сонымен қатар, ұқсас инвесторлар позицияларды нығайтуды шешіп, акцияларды сата бастады, өйткені қағаздар 10 жылдықтар бойы саудаланууда.

КазТрансОйл акцияларының баға белгілеулеріде төмендей бастады, қолдау деңгейі 1 550 теңге. Компанияның үлестік құралдары бір аптада 1,28% арзандап, 1 544,98 теңгені құрады. 2018 жылдың бірінші тоқсанында өткен кезеңіне Компанияның есептілігі өткен кезеңнің нәтижесіне қарағанда әлсіздеу болды. 2018ж. бірінші тоқсанында КазТрансОйл түсімі өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 3% төмендеп, 52 млрд теңгені құрады.

S&P агенттігінің ұзақ мерзімді несие рейтингін "BB" деңгейінен "BB+" деңгейіне дейін арттыруына байланысты KEGOC акцияларының бағасы 1,79% көтеріліп, 1 442,33 теңгені құрады. Баға өсімі сондай-ақ көлемі артуымен нығаяды.

Осы аптада қаржы нарығында теңгелік өтімділікті алу мөлшерлемесі төмендегені байқалады. Бір күндік валюта свопы бойынша кірістілігі 100 б.н. өсіп, 7,64% құрады. Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі 22 б.н төмендеп, жылдық 8,25 % деңгейінде қалды.

Ұлттық Банк биржадан тыс алты шығарылым ноттарын орналастырды, жалпы көлемі 1 271,9 млрд теңге. Бес күндік ноттар шығарылымы бойынша жалпы көлемі 932,9 теңгені құрады, кірістілігі жылдық 8,26 - 8,27% аралығында болды. 28-күндік ноттар бойынша кірістілігі жылдық 8,40% құрады. Ноттарға жиынтық сұраным ұсынымнан 2% артып, 1 298,3 млрд теңгені құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.*

**Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Апта қорытындысы бойынша орташа сараланған доллар бағамы 1,0% немесе 3,36 теңгеге төмендеп, 330,78 теңгені құрады. Ұлттық валютаның әлсіреуінің негізгі факторы салық кезеңінің аяқталуынан болуы мүмкін. Өткен аптада осы фактор теңгеге сұранымды қамтамасыз етті. Осы аптаның қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі өткен аптаға қарағанда 45% төмендеп, 495,1 млн долларды құрады.

Ресей валютасының бағасы апта қорытындысы бойынша 0,0042 теңгеге төмендеп, 5,3194 теңгені құрады. Ағымдағы аптада сауда-саттықтың жиынтық көлемі 240,4 млн рубльге жетті.

Еуро бағамы өткен аптада төмендеген соң 3,25 теңгеге өсіп, 387,15 теңге деңгейінде қалды, мәміле көлемі 1,45 млн еуро.

Юань бағамы апта қорытындысы бойынша 0,5983 теңгеге өсіп, 51,5773 теңге көлемінде қалды, мәміле көлемі 4,05 млн юаньді құрады.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.17)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 439,22 | +0,7 | -2,6 | -2,1 |
| USDKZT | 329,35 | +1,1 | +0,6 | -0,9 |
| EURKZT | 385,34 | +0,9 | -2,9 | -3,2 |
| CNYKZT | 51,42 | +0,7 | -0,5 | +0,6 |
| RUBKZT | 5,31 | 0,0 | +0,6 | -8,0 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 2 734,62 | 0,5 | 3,8 | 12,5 | 0,6 |
| Dow Jones | 24 635,21 | -0,5 | 3,0 | 16,5 | -0,4 |
| РТС | 1 164,37 | -0,5 | 2,4 | 11,4 | 0,3 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 22,2 | 0,3 |
| Hang Seng | 30 492,91 | -0,3 | -0,8 | 18,1 | -0,8 |
| SS CSI 300 | 3 770,59 | -1,2 | 0,2 | 7,8 | -1,3 |
| Euro Stoxx 50 | 3 453,54 | -1,8 | -2,8 | -3,2 | -1,4 |
| FTSEuroFirst | 4 243,50 | -1,2 | -0,2 | -2,2 | -1,1 |
| FTSE 100 | 7 701,77 | -0,4 | 2,1 | 2,1 | -0,5 |
| KASE | 2 486,79 | -0,4 | 2,5 | 59,2 | |

## Шикізат нарығы 01.06.2018

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а |
|---|---|---|---|
| Мұнай | 76,79 | 0,5 | 4,7 |
| | 65,81 | -3,0 | -3,1 |
| Табиғи газ | 2,96 | 0,8 | 7,6 |
| Мыс | 309,85 | 1,0 | 1,7 |
| Темір | 483,50 | -6,5 | 3,8 |
| Алтын | 1 293,40 | -0,7 | -0,9 |
| Күміс | 16,44 | -0,2 | 0,9 |
| Астық | 523,25 | -3,6 | -0,5 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 05.06 | ЕОБ басшысының Драгинің сөзі | EUR | | |
| 05.06 | ТБИ (ж/ж) | RUB | 2,5% | 2,4% |
| 05.06 | ISM өндірістік емес сектордың PMI (Мамыр) | USD | 57,5 | 56,8 |
| 05.06 | Еңбек нарығындағы бос орындардың саны JOLTS (Сәуір) | USD | 6,490M | 6,550M |
| 06.06 | Шикі мұнай қоры | USD | 1,077M | -3,620M |
| 07.06 | Орталық банктің халықаралық резервтері (USD) | RUB | | 457,2B |
| 08.06 | Экспорттың көлемі (ж/ж) (Мамыр) | CNY | 6,3% | 12,7% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 6,2 % | 01.05.18 | 7,1 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 339 | 01.05.18 | 30 745 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 4 799,9 | 01.05.18 | 5 538,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 18 940,9 | 01.05.18 | 19 456,0 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 12.03.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 негативті |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 17.04.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2018